11) мүсіндеу;

12) жапсыру;

13) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Физикалық дамыту физикалық дене сау баланы тәрбиелеуді,

өзден саулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін,

қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқытырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, оқимыл белсенділігі, денешынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді жәнет.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады. Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындарға соның ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдық беру және балалардың дербес қимылды әрекетін таңертең, таңғы астан соң, серуен кездерінде, ұйқыдан соң өткізу ұсынылады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес оқытырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет.) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, еңбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) театрландырылған, дербес және басқа да

әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар қою (сұрақтарды қойғанда «иә» немесе «жоқ»

деп жауап беретін жалпы сұрақтар немесе барлығы қосылып жауабын бірге айтуға арналған сұрақтар емес, әрбір бала жеке жауап береді алатындай сұрақтар) арқылы, балалардың көбірек сөйлесуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, олармен кез-келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тыңдау жәнет.б. арқылы дамыту ұсынылады.

Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдату, олу үшін топтан емесе мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыруға болады.

Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекеті ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға жәнет.б. мүмкіндік беріледі.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған «әлемнен өзара қарым-

қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады. Кіші топтағы балалар үшін сенсорика бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінеді және олардың түсініп, пішінін, көлеміне ажыратып салыстыруға баулу көзделді.

Ортаңғы, ересек топтары үшін математика негіздерін күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті эксперимент жасау, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастырады.

Қоршаған орта мен табиғат күн сайын заттарды бақылау, зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, кітаптарды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеттері арқылы іске асырылады.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарына ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті кіші, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек және мектеп алды топтарында аптасына екі рет музыка жетекшісімен кестеге сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктеріне ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, өнерді жаттау, музыка аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру:

ЖШС «Бал-Ана» бөбекжай-бақшасында мемлекеттік аттестаттау кезінде оқу-әдістемелік жұмыстың нәтижелілігін анықтау мақсатында оқу-әдістемелік құжаттарын аталдау жасалынды.

Әдістемелік жұмыс төмендегі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- педагог қызметкерлердің ақпараттық, оқу-әдістемелік және білімді қажеттіліктерін қамтамасыз ету;

- педагогикалық процесте оқытудың заманауи құралдарын және ақпараттық технологияларды қолдану мәселелері бойынша кеңес, семинарлар өткізу;

- педагогтардың біліктілігін арттыру (олардың шығармашылық жұмысын, педагогикалық шеберліктерін жетілдіру мен өздігінен білім алуын қамтамасыз ету);

- педагогтардың шығармашылық шеберліктерін арттыруда жағдай туғызу, педагогтардың сұранысына сәйкес ала отырып, әдістемелік шаралар өткізу;

- оқу-әдістемелік құралдар, жоспарлар, материалдар, топтардағы оқу-тәрбие ісін молайтуға арналған тапсырмалар мен ойын жағдаяттарын жинақтау.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен

оқытудың мақсаты балалардың жеке қажеттіліктеріне ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау болып табылады.

Осы міндеттерді орындау мақсатында ЖШС «Бал-Ана» бөбекжай-

бақшасының педагогикалық жұмысы білім мен

тәрбие үрдісінде ұйымдастырудың озық тәжірибелерін пайдалана отырып,

баланы жеке тұлғаретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-

тәрбие жұмысы мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытудың үлгілік жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік

оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды.

2022-2023 оқу жылында ҚР-сы Ғылым және Білім министрінің 2016 жылғы 12 тамыз № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы» бойынша тақырыптық материалдар топтамасын қолдандық. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны—физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды, танымдық және зияткерлік дағдыларды, шығармашылық дағдыларды, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыруға негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылады.

Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі негізгі қағидаларды назарда ұстау ұсынылды:

- ойын арқылы оқыту,

- білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту. Білім беру мекемесінің өзін-өзі бағалау барысында төмендегідей жұмыстар атқарылды: топтардың жалпы жағдайларын бақылау, күн тәртібінің сақталуы, тәрбиешілермен мамандардың балалармен тәрбие-білім жұмыстарын жүргізу барысында заттық-дамытушы орталықтарын толықтырып, дидактикалық ойындар, картотекалар, мнемотехника жиынтығы кеңінен қолдануда.

Бөбекжай-балабақшада педагогтардың кәсіби шеберліктерін шындауға бағытталған іс-шаралар жоспарға сай өткізіліп тұрады, педагогикалық кеңестер, семинарлар, тренингтер, ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері. Білім беру ұйымында мамандардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне тәжірибелік қызметке даярлау барысында әдістемелік көмек көрсетіліп тұрады.

Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын басшылыққа алып, әдістемелік іс-шараларды өткізудің жаңаша жолдарын іздестіруді жалғастырып отырады.

- Ортаңғы топ тәрбиешілері «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жаңартылған оқу бағдарламасын, оқыту практикасына өзгерістер енгізу және оларды басқару» жаңартылған оқу бағдарламасының балалардың жеке тұлға болып қалыптасып дамуына жаңа әдіс-тәсілдер арқылы жетуге болады. Баламен жеке жұмыс жасағанда, баланың неге қызығушылығының бар екенін байқап, одан әрі арттыру үшін тікелей бақылауға аламыз. Ұйымдастырылған оқу қызметінде тәрбиеленушілердің үнін тыңдап, ойын түрлерін дұрыс ұйымдастырып, жетелеуші сұрақтарды дұрыс қоя біліп, мақсатқа жетуге болады. Ойындардың әдіс-тәсілдерін жақсарту үшін тәрбиешілер шығармашылық жұмыстарын мнемокесте технологиясын әрі қарай жаңаландырып, ойын түрлерімен біріктіріп жалпы білім сапасын жоғарылату мақсатында баланың даму құралы ретінде пайдалану керек екенін жоспарланды.

Бөбекжай-балабақша өзіндік бағалаудан өткізу барысында нормативті-құқықтық құжаттар, әдістемелік жұмыстардың түрлері, олардың нәтижелілігі сарапталды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі өзгеріп тұрған әлемге бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуына жағдай жасалынған.

Жаңадан қабылданған балалармен және оның ата-аналарымен бейімделу бойынша жұмыстар жүргізілді. Баламен жеке жұмыстар, ата-аналарға «Күн тәртібінің маңызы», «Балабақшадағы бейімделу кезіндегі ата-ананың рөлі» тақырыптарында кеңестер берілді. Өтпелі кезең дағдарысынан оңтайлы өтулеріне жағдай жасап, профилактикалық шаралар өткізіліп тұрды.

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп сабақтастықпен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету мақсатында балабақша мен мектеп педагогтар арасында іскерлік ынтымақтастық орнату үшін, балаларды мектепке оқытуға дайындау жылдық жоспарда белгіленген іс-шаралар бойынша жүргізіледі: Мектепке саяхат жасау, мектеп және балабақша педагогтарының өзара сабақтарға, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға, «Ашық есік күндеріне» қатысу арқылы, ересек топ балалармен бірлескен сурет көрмелері, балалардың мектепке дайындығы туралы мониторинг жүргізіледі. Мектепке дейінгі баланың ақыл-ой тәрбиесі қазіргі заман талабы және ең өзекті мәселе, ең қажеттісі баланың ақыл ойын дамыту болса, негізгі ақыл үлкендердің, тәрбиешілердің шебер басшылығы, өзіндік талпынысы қажет. Бөбекжай-балабақша педагогтары осы мақсатты негізге ала отырып, бірлесе ашық оқу қызметтерін ұйымдастырған. Жаңа технологиялардың элементтерін қолдану мақсатында «Қызықты математика» құралдары, ұяшықтарға салынатын пішіндер, кестелер. Монтессори технологиясының элементтерін қолдануда фетрден тігілген құралдар, балалардың саусақтарының, ұсақ моторикасын дамыту мақсатында-түймелеу алма ағашына алмаларды орналастыру, сылдырмақтар және т.б күннің екінші жартысында қолдану ұйымдастырылып пайдалануда, тәрбиеленушілердің деңгейлеріне орай тапсырмалар беріліп, топтық ұжымдық жұмыс жасауды қалыптастыруда.

Бөбекжай-бақшада жылдық жоспарға сәйкес жыл бойына 5 педагогикалық кеңес, 3 әдістемелік кеңес, 4 әкімшілік кеңес, 3 өндірістік кеңес, 2 жалпы ата-аналар жиналысы, ата-аналарға арналған консультация, мерекелер мен ойын-сауықтар, көрмелер мен байқаулар, ашық есік күндері, семинар-практикумдар өткізіледі. Педагогикалық кеңесте қаралған негізгі «Балабақша мен отбасының бала тәрбиелеудегі қарым-қатынасы», «Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы», «Мектепке дейінгі жастағы балалардың азаматтық-патриоттық тәрбиелеу» тақырыптарында баяндамалар оқылды.

Меңгеруші жанындағы кеңесте жоспарланған мәселелер толық қаралды. Онда топтардың жаңа оқу жылына дайындығына, «Тамақ ішу кезіндегі мәдени-гигиеналық машықтарға баулу» тақырыптық бақылау, «Күннің екінші жартысындағы күн тәртібі ережелерін өткізуді ұйымдастыру» жалпы бақылау, жан-жақты бақылаулар ұйымдастырылды, бақылау қорытындысы жасалынып анықтамалары жазылып жинақталды. Өткізілген мерекелік іс-шараларға талдау жасалынып, жақсы деңгейде жүргізген тәрбиешілерді марапаттауға ұсынды. Педагогтардың өз білімдерін көтеру талқыланып, нәтиже шығарылды. 2022-2023 оқу жылында меңгеруші, Педагогикалық шеберлік орталығына, әдіскер, 13 тәрбиеші, 1 музыкант, 1 дене шынықтыру нұсқаушысы өзін өзі жетілдіру курсына қатысып, сертификат алды.

Өндірістік кеңесте шаруашылық мәселелері мен балалардың өмірі мен денсаулығын қарау мәселелері және олардың рационалды тамақтануын қадағалау қаралып отырды.

Тәрбиеші мамандар біліктілік деңгейін арттыру мақсатында аудандық семинарларға қатысып, тәжірибесін шыңдап отырды.

Оқу жылы барысында балабақшаның негізгі мақсаттарына байланысты семинар-практикумдер, дөңгелек үстелдер жоспардағы тақырыптар бойынша

лекциялар тындалып, сол тақырыптар барысында кеңестер, ойын-сабақтар, сауалнамалар өткізілді.

Әр айда жоспарға байланысты кеңестер беріліп, түсіндірілді. Тәрбиешілер оқу-тәрбие процесін барынша жан-жақты, жаңаша, жас ұрпақты шығармашылыққа тәрбиелеу мақсатында түрлі әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияларды меңгеріп, оқу қызметіне мұқият дайындалып, оқу қызметін қызықты, балаға түсінікті әрі жақын өткізуге талпынды.

Дәрігерлік қызмет жоспары бойынша мейірбике Ыдырыс Ақмарал балалармен сауықтыру жұмыстарын жүргізіп, уақтылы профилактикалық тексеруден өтулерін қадағалап отырды. Ас мәзірін дұрыс ұйымдастырып, балалардың рационалды тамақтануын қадағалады. Балалардың физикалық дұрыс дамуына көңіл бөліп, сауықтыру шараларын жүргізіп, денсаулық мерекелерін өткізді.

«Қауіпсіздік мектебі» іс-шарасы бойынша тоқсанына бір рет сейсможаттығу қауіпсіздігі бойынша балаларға нұсқау беру, жер сілкінісіне, апат жағдайындағы жаттығуларды ұйымдастырып өткізді. Тәрбиешілер А. Темірбеуова, Қозыбаева Б. Сыдықова А Кошаева Г, «Топтағы сақтық шаралары», «Отпен ойнама», «Қауіпсіздік ережесі», «Үйден түтін шыққанда» тақырыбында іс-шараларды өткізді.

Тәрбиешілер өздеріне бекітілген шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыс жүргізді. Жұмыс барысында кездескен қиыншылықтар мен кемшіліктерді жою мақсатында тәрбиешілер шығармашылық жұмыстарын жаңа оқу жылында жалғастыруға ұсыныс жасады.

Балалармен жұмыс: Оқу жылы бойында әр түрлі тақырыпта жыл мезгілдеріне, мерекеге байланысты тақырыптық іс-шаралар ұйымдастырылды. Балалар мен тәрбиеші арасындағы қарым-қатынас өте жақсы. Тәрбиешілер балаларды экологиялық білім мен қоршаған ортамен таныстыру оқу қызметтерінде берілген білімдерін серуен-саяхатқа шығару арқылы толықтырып отырды. Мектепалды топтарда әр тоқсан сайын құқық тәрбиесі жүргізілді.

Бақылау мен басшылық өз уақытында жүйелі жүргізілді, жоспарланған топтардың жаңа оқу жылына дайындығы, «Тәрбиешінің таңертеңгі жаттығуды дұрыс жоспарлауы» тақырыпты бақылау, жан-жақты бақылаулар ұйымдастырылды, «Педагогтардың кәсіби шеберлігін», «Педагог пен ата-аналар жұмыстарындағы өзара байланыс», «Балалардың бір жылдық бағдарлама материалдарын меңгеруі» бақылау қорытындысы жасалынып педагогикалық және меңгеруші жанындағы кеңестерде қаралып, үлгілі жұмыстар аталып, кемшіліктерді ескертіп отырды.

Ата-аналармен жұмыс: 2 жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата-аналармен келісім шарт жасаудан бастап, ата-аналарды балабақшаның оқу-тәрбие жоспармен таныстырып, тәрбиелеу бағытында әртүрлі сауалнамалар жүргізілді. Атап айтқанда, жалпы ата-аналар жиналысында ата-аналарды балабақшаның жылдық жоспарымен, күн тәртібімен, қызметкерлермен таныстыру, «Отбасындағы баланы адамгершілікке тәрбиелеудің әдістері мен шарттары», «Үйде қандай дамытушы ойындарын ойнауға болады?» ата-анаға кеңес, «Бақытты балалық шақ» балалардың шағын концертті ұйымдастырылып, мамандар балалардың денсаулығы мен физикалық дұрыс дамуына кеңестер берді. Балалары балабақшаға бармайтын ата-аналарға консультация жүргізілді. Балалардың білім деңгейін бақылау, ертеңгіліктер мен ойын-сауықтарға қатысуын, тәрбиелеу іс-шараларына тарту, топтық ата-аналар жиналыстары ұйымдастырылып өткізілді.

Жазғы сауықтыру жұмысы: Балабақшаны жазғы жұмыс тәртібіне ауыстырып, қызметкерлерге жазғы сауықтыру жөнінде кеңес өткізілді. Тәрбиешілер жазғы сауықтыру кестесіне сай оқу қызметтерін серуенмен байланыстыра отырып жүргізді. Балалармен тұрмыстық және жол зақымдарының алдын алу жөніндегі жұмыстар, жол ережесі бойынша әңгіме, ойын-сауықтыр, ойындарды өткізді.

Шаруа-әкімшілік жұмыс: Шаруа меңгерушісі жаңа оқу жылына топтардың ағымдағы жөндеу жұмыстарын, жаз мезгілінде балалардың ойын алаңын дайындау, ыдыс-аяқ, жұмсақ жаймаларды жөндеп, жаңалау жұмыстарын жүргізді. 2022-2023 оқу жылында тәрбиеші А. Темірбекова «Жыл мезгілдері», тәрбиеші С.Қалыбаева «Көңілді ойындар», тәрбиеші Сыдықова А тәрбиеші «Қыс қызығы», тәрбиеші Мырзаханова С «Түстер әлемі», тәрбиеші Тургунова П «Электроника әлеміне саяхат», тәрбиеші Қозыбаева Б «Қазақстан туған өлкем», тәрбиеші ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерін өтті. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша балалардың бойына қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыруға жағдайлар мүмкіншіліктер жасауды арттыру түрлі сенсорикалық әсерлермен байыту қоршаған табиғаттың сұлулығын байқауға үйрету, табиғи материалдармен жұмыс жасау бала бойындағы танымдылық шыңдау жолдарын қарастырдық. Топ тәрбиешілері әр сала бойынша жұмыста әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістері бойынша жүйелі нәтиже қорытындысын шығарды; үлгі, ауызша нұсқаулық бойынша тапсырмаларды орындай алу қолдың ұсақ моторикасын дамытуда жаңа технологияларының элементтерін пайдаланып, сөздік қорларын молайтуда жаттығулар, мнемокестелер кеңінен қолданылды. Балабақшаны негізгі жұмыс бағытының бірі-балалардың денсаулығын сақтау және нығайту. Физикалық қасиеттерді дамыту дағдылары бойынша сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Жүйелі түрде балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде-таңертеңгі жаттығу, серуенде қимылды ойындар, оқу қызметінде-сергіту сәттері өтіледі. Топтағы сауықтыру шараларына да көңіл бөлінеді: күндізгі ұйқыдан кейін тітіркендіргіш кілемшелермен жүру релаксациялар, тыныс алу жаттығулары, төсекте жатып орындайтын жаттығулар комплексі ұйымдастырылған. Қимылды ойын кешен (картотека), дидактикалық ойындар кешендері, бес дағды бойынша кешендер, ұйқыдан ояну кешендері, төрт жыл мезгіліне арналған серуен кешендер топтамасы күнделікті ұтымды пайдаланылады. Балалармен жеке жұмыс жасалып, оларға еркін қарым-қатынас жасауға мүмкіндіктер туғызып, күннің барлық сәттерінде тілдегі барлық дыбыстарды дұрыс айтқызу мақсатында жаңылтпаштар, жеңіл жатталатын жаттығулар айтқызып, жақсы көрсеткіш көрсетті. Әсіресе саусақ жаттығуларын үйлеріне айтып барып, тәрбиешілер ата-аналардың ризашылығына бөленді.

2023-2024 оқу жылында ҚР-сы Ғылым және Білім министрінің 2016 жылғы 12 тамыз № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы» бойынша тақырыптық материалдар топтамасын қолдандық. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны—физикалық және психикалық денсаулығын қорғау және салауатты өмір салтын қалыптастыру, коммуникативтік

дағдыларды, танымдық және зияткерлік дағдыларды, шығармашылық дағдыларды, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыруға негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылады.

Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі негізгі қағидаларды назарда ұстау ұсынылды:

-ойын арқылы оқыту,

-білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту. Білім беру мекемесінің өзін-өзі бағалау барысында төмендегідей жұмыстар атқарылды: топтардың жалпы жағдайларын бақылау, күн тәртібінің сақталуы, тәрбиешілермен мамандардың балалармен тәрбие-білім жұмыстарын жүргізу барысында заттық-дамытушы орталықтарын толықтырып, дидактикалық ойындар, мнемотехника жиынтығы кеңінен қолдануда.

Бөбекжай-балабақшамызда педагогтардың кәсіби шеберліктерін шындауға бағытталған іс-шаралар жоспарға сай өткізіліп тұрады, педагогикалық кеңестер, семинарлар, тренингтер, ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері. Білім беру ұйымында мамандардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне тәжірибелік қызметке даярлау барысында әдістемелік көмек көрсетіліп тұрады.

Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын басшылыққа алып, әдістемелік іс-шараларды өткізудің жаңаша жолдарын іздестіруді жалғастырып отырады.

Балалармен жеке жұмыс жасағап, баланың неге қызығушылығының бар екенін байқап, одан әрі арттыру үшін тікелей бақылауға алынды. Ұйымдастырылған оқу қызметінде тәрбиеленушілердің үнін тыңдап, ойын түрлерін дұрыс ұйымдастырып, жетелеуші сұрақтарды дұрыс қоя біліп, мақсатқа жетті. Ойындардың әдіс-тәсілдерін жақсарту үшін тәрбиешілер шығармашылық жұмыстарын мнемокесте технологиясын әрі қарай жаңаландырып, баланың даму құралы ретінде пайдалану керек екенін жоспарлады.

Бөбекжай-балабақша өзіндік бағалаудан өткізу барысында нормативті-құқықтық құжаттар, әдістемелік жұмыстардың түрлері, олардың нәтижелілігі сарапталды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі өзгеріп тұрған әлемге бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуына жағдай жасалынған.

Балабақшаға жаңадан қабылданған балалардың ата-аналарымен «Баланың балабақшаға бейімделуі» бойынша кеңестер жүргізілді. Баламен жеке жұмыстар, ата-аналарға «Күн тәртібінің маңызы», «Балабақшадағы бейімделу кезіндегі ата-ананың рөлі» тақырыптарында кеңестер берілді. Өтпелі кезең дағдарысынан оңтайлы өтулеріне жағдай жасап, профилактикалық шаралар өткізіліп тұрды.

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп сабақтастықпен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету мақсатында балабақша мен мектеп педагогтар арасында іскерлік ынтымақтастық орнату үшін, балаларды мектепке оқытуға дайындау жылдық жоспарда белгіленген іс-шаралар бойынша жүргізілді: Мектепке саяхат жасау, «Жеңіс» алаңына, «Бағдаршамға», «Мұражай», «Казпошта», «Дүкенге», «Өрт сөндіру» бөлімдеріне серуенге барып, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға, «Ашық есік күндеріне» қатысу арқылы, ересек топ балаларымен бірлескен сурет көрмелері жүргізілді.

Мектепке дейінгі баланың ақыл-ой тәрбиесі қазіргі заман талабы және ең өзекті мәселе, ең қажеттісі баланың ақыл ойын дамыту болса, негізгі ақыл үлкендердің, тәрбиешілердің шебер басшылығы, өзіндік талпынысы қажет. Бөбекжай-балабақша педагогтары осы мақсатты негізге ала отырып, бірлесе ашық оқу қызметтерін ұйымдастырған. Жаңа технологиялардың элементтерін қолдану мақсатында ұяшықтарға салынатын пішіндер, кестелер. Монтессори технологиясының элементтерін қолдануда фетрден тігілген құралдар, балалардың саусақтарының, ұсақ моторикасын дамыту мақсатында-түймелеу, марблс тастарымен жұмыстар, алма ағашына алмаларды орналастыру, сылдырмақтар, тетігін тез тауып басу, қоңыраулар және т.б күннің екінші жартысында қолдану ұйымдастырылып пайдалануда, тәрбиеленушілердің деңгейлеріне орай тапсырмалар беріліп, жеке, жұптық, топтық, ұжымдық жұмыс жасауды қалыптастырды.

Бөбекжай-бақшада жылдық жоспарға сәйкес жыл бойына 5 педагогикалық кеңес, 3 әдістемелік кеңес, 4 әкімшілік кеңес, 3 өндірістік кеңес, 2 жалпы ата-аналар жиналысы, ата-аналарға арналған консультация, мерекелер мен ойын-сауықтар, көрмелер мен байқаулар, ашық есік күндері, семинар-практикумдар өткізіледі. Педагогикалық кеңесте қаралған негізгі «Балабақшадағы дамытушы бұрыш», «Баршаға қолжетімді сапалы білім» іскерлік ойын, «Сурет салу техникасы» шебер сынып өткізілді.

Әкімшілік кеңесте жоспарланған мәселелер толық қаралды. Онда топтардың жаңа оқу жылына дайындығына, «Коммуникативтік дағдыларды дамыту» тақырыптық бақылау, «Психолог кабинетінің жұмысын ұйымдастыру деңгейін анықтау» арнайы бақылау, жан-жақты бақылаулар ұйымдастырылды, бақылау қорытындысы жасалынып анықтамалары жазылып жинақталды. Өткізілген мерекелік іс-шараларға талдау жасалынды. Педагогтардың өз білімдерін көтеру талқыланып, нәтиже шығарылды. 2023-2024 оқу жылында меңгеруші Балаларды ерте дамыту институтының «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыруда мектепке дейінгі білім берудегі басқару және менеджмент» курсына, 6 тәрбиеші «Өрлеу», 1 тәрбиеші «Балаларды ерте дамыту институты» курсына қатысып, сертификат алды.

Өндірістік кеңесте шаруашылық мәселелері мен балалардың өмірі мен денсаулығын қарау мәселелері және олардың рационалды тамақтануын қадағалау қаралып отырды.

Тәрбиеші мамандар біліктілік деңгейін арттыру мақсатында аудандық семинарларға қатысып, тәжірибесін шыңдап отырды.

Оқу жылы барысында балабақшаның негізгі мақсаттарына байланысты іскерлік ойындар, спорттық байқаулар, семинар-практикумдер жоспардағы тақырыптар бойынша лекциялар тыңдалып, сол тақырыптар барысында кеңестер, ойын-сабақтар, сауалнамалар өткізілді.

Әр айда жоспарға байланысты кеңестер беріліп, түсіндірілді. Тәрбиешілер оқу-тәрбие процесін барынша жан-жақты, жаңаша, жас ұрпақты шығармашылыққа тәрбиелеу мақсатында түрлі әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияларды меңгеріп, оқу қызметіне мұқият дайындалып, оқу қызметін қызықты, балаға түсінікті әрі жақын өткізуге талпынды.

Дәрігерлік қызмет жоспары бойынша мейірбике Р. Набиева балалармен сауықтыру жұмыстарын жүргізіп, уақтылы профилактикалық тексеруден өтулерін

қадағалап отырды. Ас мәзірін дұрыс ұйымдастырып, балалардың рационалды тамақтануын қадағалады. Балалардың физикалық дұрыс дамуына көңіл бөліп, сауықтыру шараларын жүргізіп, денсаулық мерекелерін, дене шынықтыру апталықтарын өткізді.

«Қауіпсіздік мектебі» іс-шарасы бойынша тоқсанына бір рет сейсможаттығу қауіпсіздігі бойынша балаларға нұсқау беру, жер сілкінісіне, апат жағдайындағы жаттығуларды ұйымдастырып өткізді. Тәрбиешілер Диханова М.Эшходжаева М, Сариева Р Сванбек Ұ, Сыдықова А «Өрт қауіпті», «От тілсіз жау», «Өрт тілсіз жау», «Қауіпсіздік ережесімен таныстыру» тақырыбында іс-шараларды өткізді.

Тәрбиешілер өздеріне бекітілген шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыс жүргізді. Жұмыс барысында кездескен қиыншылықтар мен кемшіліктерді жою мақсатында тәрбиешілер шығармашылық жұмыстарын жаңа оқу жылында жалғастыруға ұсыныс жасады.

Балалармен жұмыс: Оқу жылы бойында әр түрлі тақырыпта жыл мезгілдеріне, мерекеге байланысты тақырыптық іс-шаралар ұйымдастырылды. Балалар мен тәрбиеші арасындағы қарым-қатынас өте жақсы. Тәрбиешілер балаларды экологиялық білім мен қоршаған ортамен таныстыру оқу қызметтерінде берілген білімдерін серуен-саяхатқа шығару арқылы толықтырып отырды. Мектепалды топтарда әр тоқсан сайын құқық тәрбиесі жүргізілді.

Бақылау мен басшылық өз уақытында жүйелі жүргізілді, жоспарланған «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы», «Педагогтардың кәсіби шеберлігін бақылау» тақырыпты бақылау, жан-жақты бақылаулар ұйымдастырылды, «Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу», «Ойындарды жоспарлау», «Балалардың бір жылдық бағдарлама материалдарын меңгеруі» бақылау қорытындысы жасалынып педагогикалық және меңгеруші жанындағы кеңестерде қаралып, үлгілі жұмыстар аталып, кемшіліктерді ескертіп отырды.

Ата-аналармен жұмыс: 2 жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата-аналармен келісім шарт жасаудан бастап, ата-аналарды балабақшаның оқу-тәрбие жоспармен таныстырып, тәрбиелеу бағытында әртүрлі сауалнамалар жүргізілді. Атап айтқанда, жалпы ата-аналар жиналысында ата-аналарды балабақшаның жылдық жоспарымен, күн тәртібімен, қызметкерлермен таныстыру, «Ойын арқылы оқыту», «Біз қалай балалармен сөйлесеміз?» ата-анаға кеңес, «Кітап баланың досы» кітап көрмесі ұйымдастырылып, мамандар балалардың денсаулығы мен физикалық дұрыс дамуына кеңестер берді. Балалары балабақшаға бармайтын ата-аналарға консультация жүргізілді. Мектеппен сабақтастық болды. Балалардың білім деңгейін бақылау, ертеңгіліктер мен ойын-сауықтарға қатысуын, тәрбиелеу іс-шараларына тарту, топтық ата-аналар жиналыстары ұйымдастырылып өткізілді.

Жазғы сауықтыру жұмысы: Балабақшаны жазғы жұмыс тәртібіне ауыстырып, қызметкерлерге жазғы сауықтыру жөнінде кеңес өткізілді. Тәрбиешілер жазғы сауықтыру кестесіне сай оқу қызметтерін серуенмен байланыстыра отырып жүргізді. Әр апта сайын жоспарға сай іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілді. «Жазда келді, көңілді», «Қауіпсіз жаз», «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма», «Гүлденген табиғат» тақырыптарында іс-шаралар ұйымдастырылды. Балалармен тұрмыстық және жол зақымдарының алдын алу жөніндегі жұмыстар, жол ережесі бойынша әңгіме, ойын-сауықтар, ойындарды өткізді.

Әкімшілік-шаруашылық жұмыс: Шаруа меңгерушісі жаңа оқу жылына топтардың ағымдағы жөндеу жұмыстарын, балабақшаны көгалдандыру, гүлдендіру, жаз мезгілінде балалардың ойын алаңын дайындау, ыдыс-аяқ, жұмсақ жаймаларды жөндеп, жаңалау жұмыстарын жүргізді. Жылу қазандықтарын жылу беру маусымына дайындау, айналаның тазалық жағдайын жақсарту мақсатында біршама жұмыстар атқарды.

2023-2024 оқу жылында тәрбиешілер: Мырзаханова С «Түрлі –түсті пішіндер», Көпжасар Д «Күн», «Түстер әлемі», Диханова М «Үй жануарлары » Қозыбаева Б «Ғажайып қыс», Сариева Р «Ұлттық құндылықтар», Жораева Э «Күз кереметі» тақырыптарында ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерін өтті.

Танымдық дағдыларды дамыту бойынша балалардың бойына қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыруға жағдайлар жасауды арттыру, түрлі сенсорикалық әсерлермен байыту, табиғаттың сұлулығын байқауға үйрету, табиғи материалдармен жұмыс жасау бала бойындағы танымдылық шыңдау жолдарын қарастырдық. Топ тәрбиешілері әр сала бойынша жұмыста әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістері бойынша жүйелі нәтиже қорытындысын шығарды; үлгі, ауызша нұсқаулық бойынша тапсырмаларды орындай алу қолдың ұсақ моторикасын дамытуда жаңа технологиялардың элементтерін пайдаланып, сөздік қорларын молайтуда жаттығулар, мнемокестелер кеңінен қолданылды. Балабақшаны негізгі жұмыс бағытының бірі-балалардың денсаулығын сақтау және нығайту.

Физикалық қасиеттерді дамыту дағдылары бойынша сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Жүйелі түрде балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде-таңертеңгі жаттығу, серуенде қимылды ойындар, оқу қызметінде-сергіту сәттері өтіледі. Топтағы сауықтыру шараларына да көңіл бөлінеді: күндізгі ұйқыдан кейін тітіркендіргіш кілемшелермен жүру релаксациялар, тыныс алу жаттығулары, төсекте жатып орындайтын жаттығулар комплексі ұйымдастырылған. Қимылды ойын кешен (картотека), дидактикалық ойындар кешендері, бес дағды бойынша кешендер, ұйқыдан ояну кешендері, төрт жыл мезгіліне арналған серуен кешендер топтамасы күнделікті ұтымды пайдаланылады. Балалармен жеке жұмыс жасалып, оларға еркін қарым-қатынас жасауға мүмкіндіктер туғызып, күннің барлық сәттерінде тілдегі барлық дыбыстарды дұрыс айтқызу мақсатында жаңылтпаштар, жұмбақтар, жеңіл жатталатын жаттығулар айтқызып, жақсы көрсеткіш көрсетті. Әсіресе саусақ жаттығуларын үйлеріне айтып барып, тәрбиешілер ата-аналардың ризашылығына бөленді. Оқу жылында әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу мақсаттары жоспарланды.

2024-2025 оқу жылының мақсат- міндеттері.

Балаларды табиғатқа жауапкершілікпен және қамқорлықпен қарауға баулау, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, қазақ тілін меңгеруге ынталандыру,

балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапкершілікті іске асыруда ата-аналарға көмек көрсету арқылы белсенділік таныту:

1. Физикалық қасиеттерді

Денсаулық сақтау технологиясын қолдану тиімділігін арттыра отырып, балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал ету.

Дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру; әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту

Мектеп жасына дейінгі балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адамгершілікке тәрбиелеу жолдары.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекет кезінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешу. Ұлттық мәдениетке қызығушылықтарын арттыру.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына сәйкес бекітілген үлгілік оқу жоспарының көшірмесі сайтқа жүктелді

ЖШС «Бал-Ана» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың жылдық оқу жоспары

№	Ұйымдастырылған іс әрекеті	Кіші жас «Балдырған» тобының (2 -3 жастағы балалар)	
		Аптадағы нормативтік жүктеме	
1	Дене шынықтыру		3
	Дене шынықтыру	Күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту	Күн сайын	
	Көркем әдебиет	Күн сайын	
3	Сенсорика	Күн сайын	
	«Шығармашылық»		
4	Сурет салу	Күн сайын	
	Мүсіндеу	Күн сайын	
	Жапсыру	Күн сайын	
5	Музыка		1

6	Қоршаған ортамен таныстыру	Күн сайын	
7	Барлығы		4

ЖШС «Бал-Ана» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 2022-2023 оқу жылына тәрбие мен оқытудың жылдық оқу жұмыс жоспары

№	Ұйымдастырылған іс әрекеті	Ортаңғы «Балапан» тобының (3 -4 жастағы балалар)		Ортаңғы «Бөбек» тобының (3 -4 жастағы балалар)		Ортаңғы «Бәйтерек» тобының (3 -4 жастағы балалар)	
		Аптадағы нормативтік жүктеме		Аптадағы нормативтік жүктеме		Аптадағы нормативтік жүктеме	
1	Дене шынықтыру		3		3		3
	Дене шынықтыру	Күн сайын		Күн сайын		Күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту	Күн сайын		Күн сайын		Күн сайын	
	Көркем әдебиет	Күн сайын		Күн сайын		Күн сайын	
	Қазақ тілі						
	Қазақ тілі	Күн сайын	1	Күн сайын	1	Күн сайын	1
3	Математика негіздері	Күн сайын		Күн сайын		Күн сайын	
4	Қоршаған ортамен таныстыру	Күн сайын		Күн сайын		Күн сайын	
5	Құрастыру	Күн сайын		Күн сайын		Күн сайын	
4	Сурет салу						
	Мүсіндеу						
	Жапсыру						
6	Музыка		1		1		1
	Музыка	Күн сайын		Күн сайын		Күн сайын	
7	Барлығы		5		5		5

ЖШС «Бал-Ана» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 2022-2023 оқу жылына тәрбие мен оқытудың жылдық оқу жұмыс жоспары

№	Ұйымдастырылған іс әрекеті	Ересек «Көжек» тобының (4 -5 жастағы балалар)		Ересек «Қарлығаш» тобының (4 -5 жастағы балалар)	
		Аптадағы нормативтік жүктеме		Аптадағы нормативтік жүктеме	
1	Дене шынықтыру		3		3
	Дене шынықтыру	Күн сайын		Күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту	Күн сайын		Күн сайын	
	Көркем әдебиет	Күн сайын		Күн сайын	
	Қазақ тілі				

	Қазақ тілі	Күн сайын	1	Күн сайын	1
3	Математика негіздері	Күн сайын		Күн сайын	
4	Қоршаған ортамен таныстыру	Күн сайын		Күн сайын	
5	Құрастыру	Күн сайын		Күн сайын	
4	Сурет салу				
	Мүсіндеу				
	Жапсыру				
6	Музыка		2		2
	Музыка	Күн сайын		Күн сайын	
7	Барлығы		6		6

ЖШС «Бал-Ана» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 2022-2023 оқу жылына тәрбие мен оқытудың жылдық оқу жұмыс жоспары

№	Ұйымдастырылған іс әрекеті	Мектепалды «Көгершін» тобының (5 -6 жастағы балалар)	
		Аптадағы нормативтік жүктеме	
1	Дене шынықтыру		3
	Дене шынықтыру	Күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2
	Көркем әдебиет		2
	Қарым қатынас іс-әрекеті	Күн сайын	
	Қазақ тілі		2
	Қазақ тілі	Күн сайын	
3	Сауат ашу		3
	Қарым қатынас іс-әрекеті танымдық іс-әрекеті	Күн сайын	
4	Математика негіздері		3
	Танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс - әрекеті	Күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс – әрекеті, еңбек іс-әрекеті	Күн сайын	
6	Құрастыру		1
	Сурет салу		
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
7	Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті	Күн сайын	

	Музыка		2
	Музыка	Күн сайын	
8	Барлығы		20

ЖШС «Бал-Ана» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 2023-2024 оқу жылына тәрбие мен оқытудың жылдық оқу жұмыс жоспары

№	Ұйымдастырылған іс әрекеті	Кіші жас «Бөбек» тобының (2 -3 жастағы балалар)		Кіші жас «Балдырған» тобының (2 -3 жастағы балалар)	
		Аптадағы нормативтік жүктеме		Аптадағы нормативтік жүктеме	
1	Дене шынықтыру		3		3
	Дене шынықтыру	Күн сайын		Күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту	Күн сайын		Күн сайын	
	Көркем әдебиет	Күн сайын		Күн сайын	
3	Сенсорика	Күн сайын		Күн сайын	
	«Шығармашылық»				
4	Сурет салу	Күн сайын		Күн сайын	
	Мүсіндеу	Күн сайын		Күн сайын	
	Жапсыру	Күн сайын		Күн сайын	
5	Музыка		1		1
6	Қоршаған ортамен таныстыру	Күн сайын		Күн сайын	
7	Барлығы		4		4

ЖШС «Бал-Ана» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 2023-2024 оқу жылына тәрбие мен оқытудың жылдық оқу жұмыс жоспары

№	Ұйымдастырылған іс әрекеті	Ортаңғы «Бәйтерек» тобының (3 -4 жастағы балалар)	
		Аптадағы нормативтік жүктеме	
1	Дене шынықтыру		3
	Дене шынықтыру	Күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту	Күн сайын	
	Көркем әдебиет	Күн сайын	
	Қазақ тілі		1
	Қазақ тілі	Күн сайын	
3	Математика негіздері	Күн сайын	
4	Қоршаған ортамен таныстыру	Күн сайын	
5	Құрастыру		

6	Сурет салу	Күн сайын			
7	Мүсіндеу				
8	Жапсыру				
9	Музыка		1		
	Музыка	Күн сайын			
	Барлығы		5		

ЖШС «Бал-Ана» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 2023-2024 оқу жылына тәрбие мен оқытудың жылдық оқу жұмыс жоспары

№	Ұйымдастырылған іс әрекеті	Ересек «Көгершін» тобының (4 -5 жастағы балалар)		Ересек «Қарлығаш» тобының (4 -5 жастағы балалар)		Ересек «Балапан» тобының (4 -5 жастағы балалар)	
		Аптадағы нормативтік жүктеме		Аптадағы нормативтік жүктеме		Аптадағы нормативтік жүктеме	
1	Дене шынықтыру		3		3		3
	Дене шынықтыру	Күн сайын		Күн сайын		Күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту	Күн сайын		Күн сайын		Күн сайын	
	Көркем әдебиет	Күн сайын		Күн сайын		Күн сайын	
	Қазақ тілі		1		1		1
	Қазақ тілі	Күн сайын		Күн сайын		Күн сайын	
3	Математика негіздері	Күн сайын		Күн сайын		Күн сайын	
4	Қоршаған ортамен таныстыру	Күн сайын		Күн сайын		Күн сайын	
5	Құрастыру	Күн сайын		Күн сайын		Күн сайын	
	Сурет салу						
	Мүсіндеу						
	Жапсыру						
6	Музыка		2		2		2
	Музыка	Күн сайын		Күн сайын		Күн сайын	
7	Барлығы		6		6		6

ЖШС «Бал-Ана» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 2023-2024 оқу жылына тәрбие мен оқытудың жылдық оқу жұмыс жоспары

№	Ұйымдастырылған іс әрекеті	Мектепалды «Көжек» тобының (5 -6 жастағы балалар)	
		Аптадағы нормативтік жүктеме	
1	Дене шынықтыру		3
	Дене шынықтыру	Күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2
	Көркем әдебиет		2
	Қарым қатынас іс-әрекеті	Күн сайын	
	Қазақ тілі		2

	Қазақ тілі	Күн сайын			
3	Сауат ашу		3		
	Қарым қатынас іс-әрекеті танымдық іс-әрекеті	Күн сайын			
4	Математика негіздері		3		
